

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернат» КММ*

Қазан айында атқарылған жұмыстың есебі

*Орындаған әлеуметтік педагог:
Ж.Қ.Лесбаева*

Атбұлақ 2024жыл

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылындағы қазан айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

- «Бала қорғау бұрышын» ұйымдастыру, бала құқығын қорғау бойынша стендтер орналастыру
- Сынып жетекші, тәрбиешілермен бірлесе әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акцияларын, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу
- Буллингке ұшыраған білім алушыларды анықтау және қолдау көрсету, оның салдарын жою

2024 жылдың қазан айында атқарылған жұмыстар бойынша «Бала құқығын қорғау бұрышын» ұйымдастырып, бала құқығын қорғау бойынша стендтер орналастырылды. Балаларды қорғау — балаларды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғаудың халықаралық және отандық жүйелері. Балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ психологиялық қолдау көрсету туралы ақпарат жазылған плакаттар ілінді. Психикалық денсаулық – бұл сіздің күнделікті қалай ойлайтыныңыз, қалай сезінетініңіз және қалай әрекет ететініңіз. Балалардың барлық құқықтары бірдей маңызды және оларды балалардан тартып алуға болмайды. Мемлекет елдегі әрбір баланың барлық құқықтарды пайдалана алуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.



- Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акцияларын, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру бойынша өткізілетін іс-шаралардың барлығы бала өміріне үлкен әсерін тигізеді. Осы орайда оқу жылының қазан айында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өтті. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу. Акция барысында айлық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.



Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдарова мен педагог – психолог А.Ниязбекова және сынып тәрбиешілерімен ақылдаса келе көмекке мұқтаж оқушылардың аты-жөнін анықталды. Қайырымды адам өзін көмекке шақыруды тілетпейді, ол әрқашан өзінің мейірімі мен көңілін білдіруге әзір, әр минуттың ішінде көмек беруге дайын. Осылай ете отырып, ол қарапайым адам болып қалуға тырысады. Жеке кәсіпкер Шалданбаев Нуран Естемесулының демеушілігімен 11 оқушымызға оқуға қажетті құралдар мен қамтамасыз етілді. «Қамқорлық», «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциялары біздің мектепте одан әрі жалғасын табады. Акцияға қатысып қайырымдылық жасаймын деуші азаматтарды қолдауға дайынбыз.

- Жоспардан тыс өткізілген іс шара: 8 а,б,в –сыныптарымен кітапхана қызметкері мен сынып тәрбиешілер біріге отырып, 2024 жылдың 1 қазаны күні «Қарттарым аман-сау жүрсін» тақырыбы бойынша іс-шара өткізді.



- 4-13 қазан аралығындағы Халықаралық қыздар күніне орай «Инабат» қыздар кеңесі өткізілді. Жиналыста қыздардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп формасы, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу шаралары туралы айтылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдарова түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектептің педагог-психологы А.Ниязбековамен бірлесе қыздардан сауалнама алып, түрлі әлеуметтік желілерден сақ болу керек екендігін және электронды темекінің зиянын түсіндіріп өттік.



Мақсаты: бала тәрбиесін, қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың жаршысы екенін айту. Қыз баланы құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, ұлт

рухани байлығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру. Достармен және құрбылармен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидаларын ұстануға тәрбиелеу.

- Мектеп психологы А.Ниязбекова мен бірлесе отырып 7-11 - сынып оқушыларына **«Буллинг және кибербуллингтен қалай қорғанамыз?»** тақырыбында сауалнама алынып, түсіндерме жұмыстары жүргізілді. **Мақсаты:** Мектептегі буллинг себептері және алдын алу жұмысы. «Жасөспірімдердің арасындағы зорлық - зомбылықты, буллинг себептерінің алдын-алу мақсатында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында психологиялық ағарту жұмыстары жүргізіліп, суицидке бейім оқушыларды анықтау мақсатында Айзенек әдістемесі бойынша және Жыныстық тиіспеушіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жасырын және ашық түрдегі сауалнамалар алынды. «Буллинг және кибербуллинг себептерін алдын алу» тақырыбында тренингтік жаттығулар өткізіліп, бейнероликтер арқылы кеңестер берілді.



8 а сыныбымен «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушыларға өзге адамның затын бүлдірмеу, қолмен ұрмау, жанама сөзбен мазақтамау, қауесет таратпау туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып оқушылармен жұмыс барысында кез-келген адам буллингке ұшырауы мүмкін екені одан сақтану, көмек сұрау керек екендігі айтылса, оқушы, ата-ана, мұғалім чаттарына сенім телефондары жіберіліп, «Сен жалғыз емессің» тақырыбымен кеңестер берілді.

«Зорлық-зомбылық, буллингтің барлық түрлерінің қауіпсіздігі» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, кері байланыс жүргізілді



Қорытындысында: Жасөспірімдер арасында зорлық –зомбылық буллинг және кибербуллинг қауіпсіздігін сақтануға кеңестер берілді.

Әлеуметтік педагог:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to Zh.K. Lesbaeva.

Ж.Қ.Лесбаева